

Мақсатты топтағы халықты жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау бойынша және оларды қаржыландыру ережелері туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2005 жылғы 22 ақпандағы N 991 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 14 наурызда N 2218 тіркелді. Күші жойылды - Шемонаиха ауданы әкімі аппаратының 2009 жылғы 24 сәуірдегі N 1/1195 хатымен

Ескерту. Күші жойылды - Шемонаиха ауданы әкімі аппаратының 2009.04.24 N 1/1195 хатымен

Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабының 2-тармағы және 7-бабының 6-тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымындағы N 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысына, мақсатты топтағы халықты жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғау бойынша қосымша шараларды белгілеу мақсатында, Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабының, 1-тармақ, 13-тармақшасын басшылық ала отырып Шемонаиха ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жастар тәжірибесі" туралы ұйымның Ережесін (1 қосымша) және әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін бекіту (2 қ о с ы м ш а) .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Е. Желдібаевқа жүктелсін.

Шемонаиха ауданының әкімі

Шемонаиха	ауданы	әкімдігінің	
2005	жылғы	22	
N	991	ақпандағы	
1 қосымша		қаулысына	
"Жастар	тәжірибесін"	ұйымдастыру	туралы
ЕРЕЖЕ			

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. "Жастар тәжірибесін" ұйымдастыру ережесі оқу орындарын бітірген түлектердің бастауыш, орта және жоғарғы кәсіптік біліммен және олардың алған

іс-тәжірибесін, білімін, іскерлігін және дағдысын мүмкіндіктерін алуға, жұмыссыздарды жұмысқа орналастыруды кеңейту мақсатында әзірленді.

2. Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтарындағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" N 149-ІІ 4, 5, 7, 9, 12 баптарының сәйкестігі бойынша негізгі ереже әзірленді.

3. Бастапқы жұмыс тәжірибесін алуға, жұмысқа орналасуға және еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін көтеру және жоғарғы кәсіптік білім алуға, жұмыспен қамту қызметіне тіркелген, оқу орнын бітірген жұмыссыз жастарды бастауыш және жұмыспен қамту сұрағы бойынша уәкілетті органдардың бағытталған бірден-бір жұмысын белгілейтін ереже (бұдан әрі "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы").

"Жастар тәжірибесі" кәсіпорындарда, басқармаларда және мекемелерде ұйымдастырылып өткізіледі, (одан әрі аталған-"Жұмыс беруші") "Шемонаиха аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасымен" келісім шарт негізінде "Жұмыс берушімен" қарым қатынас жасайды.

4. "Шемонаиха ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" еңбек нарығында орын алған жұмыссыз жастардың жағдайын есепке алып "Жастар тәжірибесіне" жіберілген оқу орындарын бітірген түлектер санын белгілейді.

2. "Жастар тәжірибесін ұйымдастыру"

5. "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" еңбек нарығында жүйеленіп орын алған талдау жағдайының негізі бойынша жастарды жұмыспен қамту облыстық "Жастар тәжірибесін" өткізу туралы шешімін қабылдайды:

1) оқу орындарын бітірген жұмыссыз түлектердің саны және олардың жұмыспен қамту қызметінде тіркелген жалпы жұмыссыздар санындағы үлесі;

2) жастар арасындағы ұзақ мерзімде жұмыс істемеген түлектердің өсім саны;

3) оқу орындарын бітірген түлектерінің, бастауыш, орта және жоғарғы кәсіптік білімі, еңбек өтілі, мамандық алғандағы туралы дағдысы жоқ болса, жұмысқа орналастыру мүмкіндігі азаяды.

6. "Жастар тәжірибесін" өткізу туралы шешім қабылданғаннан кейін "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" кәсіпорындар туралы ақпараттар жинайды, қаржы экономикалық қарым қатынасының тұрақтылығын, алдағы перспективті дамуын және кәсіпорындардың кеңейту, және жұмыс орындарына еңбек етуге жағдай жасалған мекемелер "Жастар тәжірибесінің қатысушыларына мүмкіндігі бар жұмыс беруші бола алады.

7. "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" кәсіпорындардан жиналған ақпараттар мен талдауларды жинақтап қорыту негізінде "Жастар тәжірибесін" қатысуға жұмыссыз оқу орындарын бітірген

түлектерді

іріктейді.

Іріктеу белгісі келесісі бола алады:

- 1) жұмыспен қамту қызметінде жұмыссыз ретінде кезекте тұрғандар;
- 2) жұмыспен қамту қызметінде іріктеу кезінде жұмыссызға келетін жұмыс болған кезде, жұмыссыздың жоқ болуы;
- 3) 24 жасқа дейінгіні қоса алғанда.

"Жастар тәжірибесіне" жолдама 4-ай мерзімге жұмыссыздың келісімімен жүргізіледі.

8. "Жастар тәжірибесін" ұйымдастыру "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасымен" және жергілікті орындаушы органдармен, жастардың жұмысқа орналасуына мүдделік еткен басқа да мекемелермен бірлесіп өткізіледі.

9. Жұмыссыз түлектерді уақытша жұмысқа алуға ниет білдірген кәсіпорындармен "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" келісім-шарт жасасады.

Келісім-шартпен жұмысқа алынатын азаматтардың санын, мамандықтарының тізбесін қарауы қажет "Жұмыс беруші" бойынша жұмыссыз жастарды жұмысқа қабылдау, "Жастар тәжірибесіне" қатысушыларының кәсіптік білім алуын, мамандығына сәйкес іскерлігі және біліктілігін қамтамасыз етуді міндеттейді.

10. "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" жұмыссыздарды "жастар тәжірибесінің" белгісі бар жолдамамен кәсіпорындарға жібереді, "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының" келісім-шартының шегінде жұмыссыздарды нақты жұмыс орындарына қабылдау шешімін "Жұмыс беруші" шешім қабылдайды. "Жұмыс беруші" үзілмелі талон, жолдама толтырып жұмыспен қамту басқармасының мекенжайына жібереді.

11. Жұмыссыздарды уақытша жұмысқа алу кезінде "Жұмыс беруші" олармен келісім-шарт жасасады. "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" келісілген келісім-шарт бойынша Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Заңының сәйкестігі бойынша, жастар тәжірибесінің алдында "Жұмыс беруші" жұмыссыздарды жұмысқа алуға қосымша курс дайындығынан өткізеді.

12. "Жұмыс беруші" жұмыссыздарды жұмысқа орналастыруға "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына" уақытша жұмысқа алғаны туралы бұйрық көшірмесін, келісім шарттың көшірмесін жұмысқа 3 күн қалған мерзімге дейін ұсынады.

13. "Жастар тәжірибесінің" қатысушылары еңбек заңнамасын бұзған болса, "Жұмыс беруші" келісім-шартты бірыңғай тәртіппен бұзуға құқығы бар.

14. "Жұмыс берушінің" ықыласымен жұмыссыздармен келісім-шартты бұзған туралы "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына" 3-күн

қалған мерзімінде "Жастар тәжірибесінің" тоқтатқаны туралы және "Жастар тәжірибесінен" шығарылған туралы хабарлар етеді. Кәсіпорыннан жұмыстан шығару Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Заңының сәйкестігі бойынша жүргізіледі.

Жұмыссыздардың "Жастар тәжірибесіне" қатысуын тоқтатуға шешім қабылдайды, жұмысын тоқтатқаны туралы 3-күн мерзімде "Жұмыс берушіге" және "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына" хабарлар е т е д і .

15. Келісім-шарттың аяқталуына байланысты "Жұмыс беруші" жұмыссыз азаматтарды жұмысқа қабылдау туралы бұйрық көшірмесін, немесе кәсіпорыннан шығарылғаны туралы бұйрығын "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына" жібереді.

16. "Жұмыс берушінің" шешімі бойынша Жұмыссыз "Жастар тәжірибесін" аяқтағаннан кейін тұрақты жұмысқа орналасуы мүмкін. "Жұмыс беруші" "Жастар тәжірибесіне" қатысушысын жұмысқа қабылдау туралы бұйрық көшірмесін және еңбек келісім-шартын "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына" жібереді.

17. Еңбек келісімінің аяқталуына байланысты "Жұмыс беруші" "Жастар тәжірибесінің" қатысушысына өткені туралы сын-пікір береді.

18. Жұмыссыз "Жастар тәжірибесін" аяқталғанға дейін негізгі немесе басқа кәсіпорындарға тұрақты немесе уақытша жұмысқа орналаспаған болса "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасында" жұмыссыз есебінде тізімде тұра береді.

3. "Жастар тәжірибесін" қаржыландыру

19. "Жастар тәжірибесін" қаржыландыру жұмыспен қамту бағдарламасын орындауға бекітілген шығын сметасының келісімімен, аудандық бюджет құрамынан жүзеге асады.

20. Қосымша курс дайындығына, әлеуметтік жұмыс орындарына рұқсат беруге жұмыссыздарды кәсіптік дайындауға жұмыспен қамту бағдарламасында қарастырылған есеп құралдарынан жасалады.

21. "Жастар тәжірибесіне" қатысушысына еңбекақысы мына мөлшерде төленеді:

1) бастауыш оқу орындарының бітірушілеріне және орта кәсіптік білім үшін толық айға 1-ең төменгі еңбекақы;

2) толық айда жоғарғы оқу орның бітірушілер үшін 1,2-ең төменгі еңбекақы.

22. "Жастар тәжірибесінің" қатысушыларына "Жұмыс беруші" меншік құралдарынан үстеме төлей алады.

23. "Жастар тәжірибесінің" қатысушыларына еңбек ақысы олардың есеп шотына "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының"

құралдарына аудару арқылы жүзеге асады.

24. "Жастар тәжірибесін" қатысушы жұмыссыздардың аударылған еңбек ақысы әрекет-етуші салық заңнамасының сәйкестігі бойынша салық төленеді.

Шемонаиха ауданының әкімі

аппаратының басшысы

Шемонаиха ауданы әкімиятының
2005 жылғы 22 ақпандағы
N 991 қаулысына

2 қосымша

Е Р Е Ж Е

Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру және ұйымдастыру

1. Жалпы ережелер

1. Негізгі ереже мақсатты топтағы жұмыспен қамтылмаған халықты және жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына ұйымдастыру және қаржыландыру (меншіктік нысанына бағынбайтын) әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынған мекемелердің есеп шот құрылымының негізгі жағдайларын ж ү й е л е й д і .

2. Осы Ережеде қолданылған негізгі түсініктер:

1) әлеуметтік жұмыс орындары-жұмыс берішінің жазбаша келісімімен жұмыс орындары беріледі мақсатты топқа кіретін жұмыспен қамтылмаған халықтар және жұмыссыздардың дәрежесі және кәсібінің сәйкестігі бойынша және жұмыс берушінің бөлшектенген өтемақысы мөлшерінде жұмысқа орналастырылады. Аудандық бюджет құралдарының есебімен қабылданған жұмыскерлердің төлем ақысы аудандық бюджет құралдары арқылы төленеді.

2) мақсатты топтар-Қазақстан Республикасының "Жұмыспен қамту туралы" Заңы Шемонаиха ауданы әкімиятымен бекітілген әлеуметтік қорғауды талап етуші жұмысқа орналастырудың қиындығын байқаған тұлғалар тобы.

3. Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 23 қаңтарындағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабы, 1 тармағының 13 тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-7 баптарына сәйкес негізгі ереже әзірленді.

4. Әлеуметтік жұмыс орындарына орналастырылған азаматтарға зейнетақымен қамтамасыз ету және сақтандыру Қазақстан Республикасының заңнама актісі таратылады.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарына еңбекке орналастыру және ұйымдастыру тәртібі

5. Әлеуметтік жұмыс орындарын жұмыс беруші белгілейді, меншік құрамынан қаржыландырады, бөлшектелген өтемақы шығыны жұмыс

орындарына қабылданған азаматтардың еңбек ақысы аудандық бюджет құрамынан төленеді.

6. Шемонаиха ауданының әкімиятының орындаушы органдары, мақсаттық топтағы жұмыспен қамтылмаған халықты және жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына орналастыру жұмыс берушінің жазбаша келісімімен мекемелер (кәсіпорындар) санын белгілейді.

7. Әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған азаматтардың еңбек өтемақы шығыны бөлшектеніп төленеді. Келісім-шарт бойынша (одан әрі "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы") жұмыспен қамту сұрағы бойынша өкілетті органдармен жүзеге асады.

8. Әлеуметтік жұмыс орындарына мақсаттық топтағы жұмыссыздарды және жұмыспен қамтылмаған халықты жұмысқа орналастыруға іріктеу жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы арқылы жүзеге асады.

9. Жұмыс беруші, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының жолдамасымен жұмыспен қамтылмаған халықтардың ішінен жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына орналастыруға үзілген талон, жолдама толтырылып жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мекенжайына беріледі.

10. Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Заңына сәйкес жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасымен келісім шарттың мерзімі бойынша азаматтарды әлеуметтік жұмыс орындарына қабылдауға жұмыс беруші еңбек келісімін жасайды.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру жағдайы және көздері

11. Әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған мақсатты топқа кіретін жұмыспен қамтылмаған халықты және жұмыссыздардың еңбек ақысы орындалған жұмыстың қиындығына және сапасы көлеміне байланысты, жеке тұлғаның еңбек келісім шартының сәйкестігі бойынша жұмыс берушінің меншік құралдарынан ай-сайын төленуі жүзеге асырылады.

12. Жұмыс берушінің ұсынылған әлеуметтік жұмыс орындарына орналастырылған мақсатты топтағы жұмыспен қамтылмаған халықты және жұмыссыздардың еңбек ақы шығыны аудандық бюджет құрамынан бөлшектеліп өтеледі, жұмыс берушінің ұсынылған, акт және тізім негізінде 0,5 ден 1,0 төменгі алты айға дейінгі айлық ақысы көрсетілген күндер саны, айлық деректердегі жұмыссыздардың жұмыспен өтелгені туралы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына тапсырады.

Мақсаттық топтағы жұмыспен қамтылмаған халықтың ішіндегі жұмыссыздардың еңбек ақысы уәкілетті органдардың жұмыспен қамту сұрағы бойынша бағдарламалар жұмыс берушінің есеп шотына аударылады.

13. Әлеуметтік жұмыс орындарына орналастырылған мақсатты топтың ішіне кіретін жұмыспен қамтылмаған халықты және жұмыссыздардың еңбек ақысы төленеді, заңнама тәртібі бойынша салық салынады.

14. Әлеуметтік жұмыс орындарына орналасқан мақсатты топтағы жұмыспен қамтылмаған халықты және жұмыссыздардың еңбек ақысы орындалған жұмыс көлеміне байланысы, жұмыспен өтеу уақыты шығарылады.

15. Бюджеттік құралдардың мақсатсыз орындалуына жұмысқа орналастырылған мақсатты топқа кіретін, жұмыспен қамтылмаған халықтар және жұмыссыздардың, еңбек ақы шығыны бөлшектеліп беруге арналған кәсіпорынның есеп шотына жұмыс беруші міндетті

4. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру және ұйымдастыру тәртібіне қадағалау

16. Мекеме ережесін сақтауды қадағалау және әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру мемлекеттік органдардың заңнама тәртібімен жүзеге асады.

Шемонаиха ауданының әкімі

аппаратының басшысы